



РЕСМИ

Әлеуметтік төлемнің мөлшері қанша?

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ақмәди Сарбасов кеншілерге төленетін арнайы әлеуметтік төлем туралы айтып, олардың нақты қанша алатынын да назардан тыс қалдырмады.



Вице-министр жыл басынан бері зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеген 9,1 мыңнан астам отандасмызға 1,7 млрд теңге көлемінде арнайы әлеуметтік төлем (АӨТ) берілігін тілге тиек етті.

– Арнайы әлеуметтік төлемді тағайындауға өтініш білдіргендердің арасында саны бойынша Қарағанды облысы көш бастап тұр. Одан кейінгі сатыда Қостанай, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе, Ақмола облыстары бар. Нақтырақ айтсақ, арнайы әлеуметтік төлемнің көлемі шамамен 208 мың теңгені құрайды, – деді Ақмәди Сарбасов.

Сонымен бірге, министр орынбасары бұл төлемдерді алатын жұмысшылардың зиянды еңбек жағдайынан зиянсыз жағдайларға ауысуы керектігін баса айтты. Бұл кезде оларға қосымша жалақы да берілетін көрінеді.

Бұдан бөлек, азаматтар зейнеткерлікке шыққанға дейін жұмыстан шығып, осындай әлеуметтік көмек алуға құқылы екенін білгендері дұрыс.

Өз тілшімізден

Сурет ашық дереккөзінен

ПАРЫЗ

Кеншілер рухына тағзым

Қарағандыда қаза тапқан шахтерлерге ескерткіш орнатылды. Костенко атындағы шахтаның аумағында қаза тапқан кеншілерге арнап орнатылған ескерткіштің ашылу салтанаты өтті.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еске салайық, өткен жылдың 28 қазанында 46 кеншінің есілі өмірін қиған апат орын алған болатын. Кеншілердің туыстары мен әріптестері, билік өкілдері, «Qarme» компаниясының басшылығы көз жұмған шахтерлерді еске алып, гүл шоқтарын қоюға жиналды.

– Костенко шахтасындағы қайғылы оқиға қарағандылықтардың ғана емес, барша қазақстандықтардың жүрегінде шемен шер қалдырды. Бұл – орны толмас ауыр қайғы. Қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтқым келеді. Сол күндері Мемлекет басшысы жақындарынан айрылған отбасыларды қолдау үшін Қарағандыға жеке өзі келді. Біз әр отбасына қажетті қолдау мен көмек алу үшін қолдан келгенін бәрін жасадық. Мемлекет басшысы облысымызға соңғы сапары барысында кеншілер үшін еңбек қауіпсіздігі мен лайықты жұмыс жағдайларын қамтамасыз етуге баса назар аудару керектігін қадап айтқан еді, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Мемориалдың авторы – қарағандылық мүсінші және суретші Игорь Баграмов. Қара граниттің габбро түрінен жасалған ескерткіш белгісі кеншілердің кенжарға кетіп бара жатқанын білдіреді. Үш метрге жуық кешен құрылымында 46 қаза тапқан кеншінің есімдері ойылып жазылған. Периметрі бойынша 46 жас ағаш егілді.

Ескерткіш кешенінің пішіні кіреберіс алаңын көрсетіп, жоғарғы жағында жартылай дөңгелек доғасы бар қабырға тәріздес. Бүйір тұстан ойылған кеншілер сұлбасы көрінеді. Ал, мемориал қабырғасында қайғы мен қасіретті бейнелейтін жұмбақ жарықшақ бар. Ескерткіштің екінші бетінде шахтер каскасы қалыптанған. Мемориалдың шеті гүлзармен, шатырлы сәкімен, жарықтандыру тіректері безендірілді.

Таяуда Қарағанды қаласының орталық



саябағында Костенко атындағы шахтада қаза тапқан кеншілерге тағы бір ескерткіш орнатылған еді. Оны мүсіншілер Игорь Баграмов пен Тарас Кишкарев қашаған. Биіктігі үш метрден асатын ескерткіш кеншінің бейнесін бейнелейді. Еңселі тас мүсін 2006 жылы қаза тапқан кеншілерді еске алуға арналған ескерткіштің маңында тұрғызылды.

Иә, қасіретті Қарағандының жерінде төбе көрсетіп, жаңғырықтай жаңғырған естеліктер, мұндағы қым-қуат өмірдің ең бір тәлімді парақтарындағы жазмышты баян ететіндей. Қабырға қайыстырар қайғының кара бұлты сөйіле қоймаса да, есіл ерлерді ұмыту тұрмақ, жүректендіріп төрінен жоғалту әсте мүмкін емес. Ерлік пен еңбек жолында қаза тапқан кеншілердің есімі ел есінде мәңгіге сақталмақ. Әрбір есім, әр көмірдің түйірі, әрбір гранит сынығы – естен өшпес естелік пен терең құрметтің толтума белгісі. Бұл еңселі ескерткіштер тек тас пен темірден емес,



қайсар рух пен қасіретке толы тарихтан қаланғандай әсер ұялатады. Жылдар өтер, ұрпақ көші ауысар, бірақ, кенжарға кеткен кенші елесі қарағандылықтардың бір кезде қан жылаған беріш жүрегінде жазылып қалды.

Суреттер облыстық әкімдік сайтынан

Ұлт болмысын паш еткен

Қарағанды қаласының орталығында ұлттық стильдегі сегіз шағын сәулет пішіні орнатылды. Олардың орнатылуы Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орайластырылып отыр.



Кеншілер шаһарының көркіне көрік қосқан өнер туындылары металдан жасалған. Сонымен қатар, жаңа композициялар қаладағы халық көп жиналатын орындарға орнатылғанын атап өткен жөн.

– Бұқар жырау даңғылындағы «Арбат» сауда үйінің алдындағы алаңда сегіз шағын сәулет нысаны орнатылған. Атап айтсақ, «Домбыра», «Қобыз», «Торсық», «Шаңырақ», «Тайқазан», «Білезік», «Асық», «Қубі». Жобаның авторы және орындаушысы «Қарағанды Көркем» мердігерлік ұйымы екенін атап айту керек. Орындалған жұмыстардың кепілдік мерзімі 5 жылды құрайды, – деп атап өтті Қазыбек би атындағы ауданның баспасөз қызметі. Барлық нысандар жарықтандырылған.



– Кеншілер астанасы күннен-күнге көркейіп келеді. Бұған осы орнатылып жатқан ұлттық нақыштағы өнер туындылары куә. Бұған дейін де Қарағандыда басқа ешбір қалада кездеспейтін ескерткіштер және өнер туындылары болған. Оларға, тіпті, шетелдіктер де қызығушылық танытқан. Мына көздің жауын алатын, ұлттық болмысымыздан



хабар беретін туындылар да солардың сапын толтырып тұр. Оның үстіне, қаланың басты даңғылына орнатылғаны көңілге қонымды. Сырттан келген қонақтардың да назарын өзіне аударады, – дейді қала тұрғыны Асылбек Орақбаев.

Өз тілшімізден

ҚАРАҒАНДЫ

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

«АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ АЗАМАТ»

Білімнен тапқан бақытын

Республикалық тәуелсіз жастар сыйлығының жүлдегерлері марапатталды. Жерлесіміз, «Qarme» көмір департаментінің жерасты электр слесарі Руслан Ғұмаров бас жүлдені жеңіп алып, бір миллион теңге қаржылай сыйлық еншіледі. Бар-жоғы 23 жастағы жеңімпаз жүлдесін жоғары оқу орнында білім алуға жұмсау ниетінде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарсыластарынан оқ бойы озық келген Руслан Ғұмаров компанияда 5 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ол Саран техникалық колледжін «Жерасты электр слесарі» мамандығы бойынша бітіріп, аталған компанияда еңбек жолын бастады. Талапты жас жұмыс істей жүріп, Шахтинск технологиялық колледжінде электромеханик мамандығын сырттай оқып меңгерген.

– Қазір елімізде техникалық мамандардың тапшылығы байқалады. Бәсекеге қабылтетті болуың керектігін ертерек түйсінгеніме іштей қуаныштымын. Жұмысым – көмір бөліміндегі электр жабдықтарын қадағалау. Қазір шахталардағы технологиялар күрделі және озық, сонымен де, бұл жабдықтармен жұмыс істеу өте қызықты. Жұмысым өзіме ұнайды, – дейді Руслан.

«Jas keñes syilyǵy» сыйлығы байқауына еліміздің түпкір-түпкірінен 800-ге жуық жас маман қатысқан. Жеті номинацияның әрқайсында екі жеңімпаз



анықталыпты. Кеншілер өлкесінен Руслан Ғұмаров қана «Өнеркәсіп» номинациясында бағын сынапты. Ең үлкен бәсекелестік те осы аталымда болған. Мұнда өтінім бергендер арасында 127 адам, оның ішінде, тау-кен металлургия кешенінің, өңдеу өнеркәсібінің, агроөнеркәсіп секторының, тамақ өнеркәсібі мен энергетика секторының қызметкерлері бар.

– Байқау үш кезеңнен тұрды. Комиссияның барлық сұрағына жауап бердім. Маған қоңырау шалып, жеңгенімді хабарлағанда қуанышымда шек болмады. Басшылығым сыйлық қаржысын оқуға жұм-

сауды ұсынды. Таңдаған өмір жолымда алға жылжу үшін жоғары білімсіз болмайтын білемін. Қарағанды техникалық университетінің «Өндірістік процестерді автоматтандыру» кафедрасын таңдадым, – деп бөлісті Руслан.

«Jas keñes syilyǵy» сыйлығы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің бастамасымен құрылған. Басты мақсаты қоғам үшін маңызды, жұмысы жиі көлеңкеде қалатын жас мамандарды ынталандыру екенін атап өткен жөн.

Сурет облыстық әкімдік сайтынан



Үміткерлер іріктеуге дайын



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысында өңірлік кадр резервіне іріктеудің соңғы кезеңдері өтуде. Құзыреттілігін бағалаудан өткен қырық үш үміткер комиссиядағы құрылымдық сұхбатқа жіберілді.



Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдағы уақытта олар іріктеудің келесі кезеңі – жобаларды қорғаудан өтуі керек. Резервшілердің соңғы тізімінде 25 азамат бар. Олардың барлығы мемлекеттік қызметте бос лауазымдарға орналасуға үміткер бола алады. Ең бастысы – жоғары білім болуы тиіс. Кемінде 3 жыл еңбек өтілі мен 35 жастан аспаған Қазақстан тұрғыны болуы міндетті.

Резервшілерді байқау кезеңдерінен сәтті өтуімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтады.

– Күрделі тапсырмаларды орындап, ерекше шешімдерді ұсына алдыңыздар. Бұл сіздерге түрлі салаларға жол ашуға мүмкіндік

береді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің одан әрі дамуы мен өркендеуіне белсенді ықпал ететін жас мамандар қажет екенін бірнеше рет атап өтті. Сіздерге шын жүректен жобаларыңызды табысты қорғауды тілеймін және облыстың дамуына өз үлестеріңізді қосуға шақырамын, – деді өңір басшысы.

Байқауға 364 үміткер қатысты. Кадр комиссиясы үміткерлерді жеті бағыт бойынша тандады. Атап айтсақ, индустрия және өнеркәсіп, әлеуметтік сала, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, экология, экономика және қаржы, ТКШ және инфрақұрылым, цифрландыру.

Үміткерлер арасында Ахмет Дәуленбай бар. Ол қаланы коқыстан тазарту жобасын дайындады.

– Қатты тұрмыстық қалдықтар жинау және сұрыптау үшін вендингілік аппараттарды енгізу жобасын әзірледім. Күн сайын мен өз аймағымды аралап, бір нәрсені өзгерту керектігін көремін. Адамдар коқысқа шағымданады, әсіресе, тұрмыстық қатты қалдықтар мәселесі – өзекті. Қарағандыны таза қала қатарынан көргім келеді. Жобам қала тұрғындарының өмірін жақсы жаққа өзгертуді деп үміттенемін. Барлық резервшілерге сәттілік тілеймін, – деді Ахмет Дәуленбай.

Айта кеткен жөн, өңірлік кадр резервінің негізгі мақсаты – облыста дарынды жастар арасынан басқарушылар пулын қалыптастыру.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОРАҚ – 2024

Егін жинау ерте басталды

Абай ауданында егістік алқаптарының күзгі жиын-терін жұмыстары жылдағыдан ерте басталды. Оған жаз айларында жаңбырдың жиі жауып, арасында күннің қатты ысып, агротехникалық шаралардың да дер кезінде жүзеге асырылғаны да себепші болғаны анық. Енді мезгілінен бұрын піскен егістік өнімдерін шашпай-төкпей жинап, қамбаға құйып алуға абайлық диқандар бел шеше кірісіп кеткен.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, ауданның Топар, Южный кенттік және Қарабас ауылдық округтерінен басқа 11 ауылдық округтеріндегі ауылшаруашылық құрылымдарының 131-і немесе 65 пайызы бұл жауапты науқанға бастан-аяқ қатысып отыр. Олар сонау көктем уақытында 39360,5 гектар жерге дөңді дақылдар, 3157 гектарға майлы дақылдар тұқымын сеуіп, 6572 гектарға картоп, 754 гектарға көкөніс, 12328 гектарға жемазық отырғызған еді.

– Бітік шыққан егіннің биылғы

өнімі көңіл қуантады, – дейді Абай ауданының ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Жанар Сұрауханова. – Кешегі күнге дейін 10642 (27 пайызы) дөңді дақылдар (бидай, арпа, сұлы) егістігі орылып, одан 20826 тонна астық жиналып, бастырылды. Яғни, аудан бойынша орташа есеппен оның түсімі гектарына 19,6 центнерден айналуға тиіс. Тіпті, Көксу ауылдық округінде ол 22 центнерді құрады. Қазірде егін басында жүрген 124 комбайн (екеуі биыл сатып алынған) орақ науқанын 18-20 күнде аяқтайды деген ойдамыз.

Жанар Сұрауханованың ай-

туынша, осы жолы картоп пен көкөністен де мол өнім жиналатын түрі бар. Өйткені, бүгінге дейін жиналған 760 гектар (12 пайыз) картоп алқаптарынан 15200 тонна өнім алынып, ол да гектар басына 200 центнерден айналып отырса, әзірге жиналған 10 гектар көкөністің де әр гектарынан 250 центнерден өнім түседі. Ауа райы қалыпты жағдайда болса, көкөністі жаппай жинау қыркүйек айының алғашқы онкүндігінде қолға алынбақ.

Күзгі дала жұмыстары үшін тиісті 1490 тонна дизель отынын жеткізудің операторы болып белгіленген «Мұнай Сопапу» ЖШС оның әр литрін 245 теңгеден уақытты босатып жатқан көрінеді.

Сонымен бірге, ауданда қысқы мал азығын қамдау жұмыстары да жалғаса түсіп, қар түскенше 89,1 мың тонна жемшөп әзірлеу міндеті де тұр.

Егер абайлықтар қазіргі қарқыннан танбаса, бұл науқанды да күздің қара суығына ұрынбай, тәмамдайтын болады.

Абай ауданы

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Шаңырақтан жылу кетпесін

Биылғы жылыту маусымында үшінші жылу магистралі іске қосылмақ. Ол Оңтүстік-Шығыстағы жаңа нысандарды жылумен қамтып, қазір қолданыстағы желілерге түсетін салмақты азайтуға тиіс. Сала мамандарының айтуынша, жөндеу жұмыстары жоспар бойынша жүріп жатыр.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

№10 жылу магистралі мен 29 шағынаудандағы жөндеу жұмыстары барысы арнайы ұйымдастырылған баспасөз турына өзек болды. Жалпы ұзындығы 22 шақырым құбыр ЖЭО-3-тен Оңтүстік-Шығысқа өтеді. Бұл осы ауданды толық қамтуға, әсіресе, жаңа нысандарды жылытуға сеп болмақ.

– 30 жылда бізде мұндай жоба болған емес. Биыл біз оны аяқтап, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Төрт сорғы қондырғысы жөнделді, барлық қажетті жабдықтар орнатылды, қазір іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 3 шақырым желіні орнату ғана қалды. Осы арқылы Оңтүстік-Шығыс нысандарын жаңа жылу құбырынан қуаттандырып, қаладағы жүктемені төмендеткіміз келеді. Қазір қосымша жылу көзі болмағандықтан аудандағы көпқабатты үйлердің, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық нысандардың құрылысы жасанды түрде тежеп отырмыз, – дейді Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Қожақапанов.

Рүстем Максатұлы облыс орталығының басты жылу көзі – ЖЭО-1 мен ЖЭО-3-те бүгінгі күні барлық ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталғанын айтты.

– Үш қазандық пен екі турбинаны күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, – деді қала әкімінің орын-

ды. Қыркүйекте гидравликалық сынақтар жүргізу үшін тапсырамыз. Жөндеу жұмыстары жаңа технологиялар бойынша жасалды. Егер бір жерден ақау шықса, мамандар оны іздеп жүрмейді, ол туралы жүйеге бірден мәлімет келеді, яғни, жарылған құбырды бірден көре аламыз. Жоба құны – 4,7 млрд теңге. Біз қолданатын өнімдер жергілікті өндірушілерден, жұмыскерлер де осы жергілікті тұрғындар, – деді ол.

Жұмыс барысында қолданыста болған 700 дм-лік құбырлар 920-ға ауыстырылды. Бұл «Степной-1», «Степной-2», «Степной-3», «Степной-4», «Гүлдер-1», «Гүлдер-2», «Кен-Дала», «Панель-Центр» секілді шағынаудандардағы нысандарды жылумен қамту сапасын айтарлықтай арттырады. Жоба нәтижесінде апаттық жағдайлар жойылып, жылу жоғалту көлемі жылына 5 мың Гкал-ға азаяды әрі желілердің тозу көрсеткіші де төмендейді деп күтіледі.

29 шағынауданда жоспарланған 1,36 шақырым жылу құбырларының 75%-ы аяқталған. Қазіргі уақытта «Арай» базары мен Карбышев 5 көпесі аралығы жөнделіп жатыр. Жөндеу жұмыстары маусымда басталған.

Мердігер «Астанаинжкомстрой» ЖШС жоба жетекшісі Арман Акимбаев жылыту маусымына дейін аяқталатынын айтты.

– Жылу құбырларының диаметрін үлкейтіп жаттырмақ. Ол жерде 400 дм болса, біз 530 дм салдық. Нәтижесінде жылу жоғалту көлемін жылына 2,4 мың Гкал-ға дейін азайтуымыз керек. Жұмыс бары-



басары. – Сондай-ақ, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер мен көпқабатты үйлердің қазандықтары жөнделіп, көмір сатып алынуға. Биыл жоспар бойынша 31 шақырым жылу желілерін ағымды және күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған. Желілерді гидравликалық сынау кезінде ақаулар анықталды. Оларды жойғаннан кейін қайта тексеру жүргізіледі. Сондай-ақ, қалада инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Мәселен, Шахтерский кентінде 33 үй орталық жылытуға қосылады, өтініш бергендері осы. Жылыту маусымы басталғанға дейін өзгеруі мүмкін. Шамамен 15-20 қыркүйек аралығында жылыту маусымын бастау үшін қала желілерін толтыратын боламыз.

Ресми өкіл инфрақұрылым нысандарын жылыту маусымына дайындау үшін әртүрлі көздерден 51 млрд теңге қарастырылғанын айтты. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 11 млрд теңгеге көп.

– Қала бойынша 2568 көпқабатты үй бар. Оның 1938 дайындықтан өтті. 21 әлеуметтік нысанның орталық қазандығы, 3 көпқабатты үйдің қазандығы жөнделді. Жылу маусымын жылдағы тәжірибе бойынша қазанның басында іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді Рүстем Қожақапанов.

Оңтүстік-Шығыстың барлығы осы 10 магистраль желісіне тартылған. Мұнда жұмыс істеп жатқан «Алматыинжстрой» АҚ жобалар жетекшісі Рашид Төлеубаев магистральді жөндеу былтыр басталғанын, ол кезде 1,2 шақырым жөнделгенін, ал, биыл қалған 1,3 шақырымды жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын екенін жеткізді.

– Бұл желілердің 73%-ы тозған. Апаттық жағдайлар көп орын алды. Қазір жұмыстың 95%-ы аяқтал-

сында жерді қазып, белгілі бір учаскелерді жабуымызға тура келеді. Ол үшін кешірім сұраймыз. Өрине, тездетуге тырысамыз, дегенмен, түрлі жағдайлар болып қалады, – деді ол.

Бұл маңдағы құбырлар 15 жылдан бері ағымдық жөнделгенімен, толық ауыстырылмаған. Апаттық жағдайлар жилеленгеннен кейін учаскені арнайы жобаға енгізілті.

– Осы учаскеде жылу жоғалту көлемі артқандықтан, біз оны арнайы жобаға қостық. Жасалып жатқан жұмыстар сапалы орындалуда. Былтыр екі жағдай орын алып, дереу жөнделді. Біз барлық ақауларды қала бойынша қарап, бақылап, қажет болған жағдайда осындай бағдарламаларға қосып отырамыз. Жобаның құны – 2 млрд 170 млн теңге. Ол «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы бойынша жүріп жатыр, – деді «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС даму бойынша директоры Аскар Арыстанов.

Аталған учаскедегі жылу құбыры 33 көпқабатты үйді сапалы жылытуға әсер етеді. Сонымен қатар, сол аумақтағы «Жұлдыз» балабақшасы, №66 жалпы білім беретін орта мектеп, Сарыарқа кинотеатры, ҚарЗУ корпусы мен жатақханасы да осы желіден жылу алады. Мамандар шағынаудан тұрғындарының шаңырақтары биыл жылырақ болады деп сендірді.

Мердігерлер өз жұмысына кемі 5 жыл кепілдік беріп отыр. Осы аралықтағы барлық ақауларды жөндеу солардың мойнында.

ҚАРАҒАНДЫ

Суреттер
ұйымдастырушылардан



• ШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Сарбаз тағдыры тасада қалмауы тиіс

Майдан даласынан сержант Топатай Жүнісов жолдаған бұл хат алғаш рет 1944 жылы 22 тамызда Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» (бүгінгі «Орталық Қазақстан») газетінде жарық көрді. Автор жерімізді фашистік басқыншылардан босауда ерлік көрсеткен Қазақстаннан келген жауынгер қыздардың танк экипажы туралы айтты. Ол танкіші қыздар Қарағандының жау-жүрек арулары еді. Танк экипажының командирі – Жамал Байтасова, экипаж мүшелері – Күлкен Төкбергенова, Гүлжәмила Талқанбаева және Жәмила Бейсенбаева. Міне, ержүрек арулар туралы алғаш жазылғаннан бері де зымырап 80 жыл уақыт өтті.

Қыздардың батылдығына тәнті болған ол: «Танк экипажының ержүрек мүшелері – қазақ халқының мақтанышы. Қазақтың танкіші қыздарының даңқы одан әрі арта берсін!» деп жазды.

Өкінішке қарай, бұл – сол жылдардан бері сақталған жалғыз естелік. Жалғыз куәгер Топатай Жүнісов өмірден өтті, ал қыздардың тағдыры белгісіз.

Кейбіреулер оларды «ойдан шығарылған» дейді. «Бұл қазақтардың рухын көтеру үшін қажет болды» дегенді алға тартады.

Мен олармен белгілі себептермен келіспеймін. Біріншіден, 1944 жылы қандай көтеріңкі көңіл күй? Неліктен қазақтар? Сонымен, 1941 жылы Мәскеу маңындағы панфиловшылар мен Бауыржан Момышұлы әскери рухты көрсетіп, жау шебін бұзды. 1943 жылы Мәншүк Мәметова Орталық Азиядан келген Кеңес Одағының алғашқы әйел батыры атанды. Хиуаз Доспанова жаулы аспанда жүріп жойды. 1944 жылы қаңтарда Кеңес Одағының Батыры 18 жастағы Әлия Молдағұлова қаза тапты. Мұндай қыздар көп болды және олар ерікті түрде майданға аттанған. Топатай Жүнісов көрсеткен кезең 1944 жылдың тамызы, барлық майдандарда шабуылдаушы шайқастар жүріп, кеңестік және одақтас жерлерді фашистік басқыншылардан тазартып, босатқан кезде еді.

Екіншіден, неге Қазақстан, оның ішінде, Қарағанды? Қазақстандықтар, атап айтқанда, қарағандылық қаһармандар 1942-1943 жылдары Ленинград үшін, Сталинград үшін және басқа қалаларды азат ету кезінде көрінген. Кеңес сарбазының мемориалы Мамаев қорғанына көтерілуі Кеңес Одағының Батыры, жерлесіміз-қарағандылық Нұркен Әбдіровтің ескерткіш тақтасынан басталады.

Үшіншіден, соғыс уақытында кез келген ойдан шығарылған ақпаратты басып шығаруға рұқсат етілмеді. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдарынан адамдар кеңес сарбаздарының ерліктері туралы білді.

Танкішілеріміздің тағдыры соғыс даласында қаза тапқан көптеген майдангерлер сияқты драмкара тай. Мысалы, ҰОС-да қайтыс болған туыстарыңызды еске түсіріңіз, олар туралы көп білесіз бе? Олардың отандастары бұл туралы біле ме?

Олар көптеген ерік жасағанына сенімдімін. Олар қарапайымдылыққа салып, бұл туралы айтпады. Өйткені, Отан алдындағы міндетін орындады. Олар үнемі алдыңғы қатарда болып, жеңіс үшін өз өмірлерін берді.

Мәселен, 1942 жылы Харьковта қаза тапқан Ақмола облысында құрылған 106-шы қазақ атты әскер дивизиясының тағдыры көпшілікке беймәлім. Бұл дивизияны неміс танктеріне қарсы қоюға бұйрық берген әскери кеңестің мүшесі. Бұл Н.Хрущевтің кесірінен болды. Қазақтың 4000 жауынгері бар дивизиясында тек 102 мылтық, 8 миномет болғаны ескерілмеді. Бұл факт 70 жыл бойы ашылмады және тек іздеушілердің арқасында атты әскердің жауынгерлік жолы қалпына келтірілді. Бүкіл дивизия тұтас жойылып кетті делінсе де, бұл ақылға сыймайды. Әлі күнге дейін күтіп жүрген олардың туыстарына не дейсіз? «Барлығы 300 сарбаз қаза болды» деп танылып, ал қалған 3700-і із-түзсіз жоғалып кетті деп саналды. Бұл фактіге ерекше назар аудару керек. Бұл сандар Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқандардың есебінің қалай жүргізілгенін көрсетеді. Жоғалған сарбаздарды жаза салу оңайырақ болды...

Ал, өлгені нақты белгілі емес тер неге әскери комиссариаттардың тізімінде немесе әскери бөлімдердің жеке құрамның тізімінде жоқ? Сонымен, 1942 жылғы маусымдағы бұйрыққа сәйкес, КСРО Қорғаныс Халық комиссарының 0459 нөмірлі «Қызыл Армияның жекелеген автобронетанк, әскери оқу орындары мен тыл мекемелерін Ерікті жалдамалы құраммен және әйелдермен ауыстыру туралы» бұйрығына сәйкес, яғни, әскери есепте тұрмаған адамдарды шақыру емес, жұмылдыру жарияланды. Олар оқу пункттері құрылған әртүрлі қалалардың тылына оқуға жіберіліп, сол жерде әскери есепке алынды. Бұл есеп бомбалауға, өртенуге немесе жоғалуға ұшырауы мүмкін.

Сарбаздарды іздеумен айналысатын адамдар көп жылдан кейін іздеудің қандай екенін жақсы біледі. Ұрыста ерлікпен қаза тапқан әр сарбаздың айғағы – белгісіз сарбазға арналған ескерткіш.

Сонымен, біздің жерлестеріміздің Жамал Байтасова, Күлкен Төкбергенова, Гүлжәмила



Танкші қыздары... Танкші жинал, жауға шабуыл жасауға дайын болуға... Танкшілеріміздің тағдыры соғыс даласында қаза тапқан көптеген майдангерлер сияқты драмкара тай. Мысалы, ҰОС-да қайтыс болған туыстарыңызды еске түсіріңіз, олар туралы көп білесіз бе? Олардың отандастары бұл туралы біле ме?

1974 жылы майдангер-жазушы Қалмұхан Исабаев «Қазақ әдебиеті» газетінде «Қайда екен, қайда сол батыр қыздар?» деп жазып, олардың тағдырына алаңдады, іздеу салды.

Тек 2015 жылдың ақпан айында журналист Дина Игсатова өз макаласын танк әскерлерінде қызмет еткен осы әдемі де батыл қазақ қыздарына арнап, дабыл қақты.

2020 жылы ғалым-тарихшы Жұмабай Доспановтың «Қазақстанның майдангер әйелдері» атты 6 томдығы жарық көрді. Ол екінші дүниежүзілік соғыстың мұрағаттық құжаттары негізінде жазылған және үшінші томда Жамал Байтасова туралы ақпарат бар.

Еліміздің патриоты ретінде мен үнсіз қала алмадым. 2020 жылы халқымыздың қаһарман қыздары Жамал Байтасова, Күлкен Төкбергенова, Гүлжәмила Талқанбаева және Жәмила Бейсенбаеваның ерлігі туралы «Қарлығаштар оралар ма?» кітабын жаздым.

Төрт жыл бойы өскелең ұрпаққа мектеп, колледж, университеттердегі жастарға кей-іпкерлеріміздің ерлігі туралы мақтанышымен айтып келемін.

Менің майдангер әкем: «Сарбаз екі рет өледі. Бірінші рет майдан алаңында, ал, екінші рет ол туралы ұмытқан кезде» деген еді.

Отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизмнің жарқын үлгісі ретінде Жеңіс саябағында жерлес танкіші қыздарға мемориал тақты орнатылып, әділдік орнайды деп сенемін.

Қанат КАРЕНОВ
Суреттер автордан

Еске алу

Ана жолын ардақтап өсіп келе жатқан ұрпағы еске алады. Анымыз Алина Асанқызы ЖЕТПІСБАЕВА 1933 жылы 28 желтоқсанда дүниеге келген. Өзінің айтуы бойынша, туған жері – Нұра ауданы Балықшы ауылы. Кейін сол маңдағы Жараспай ауылына көшіп келген. Бір жасында анадан жетім қалады. Өкесі Асан анымыз Алиманы інісі Нұркей Тұрмағанбетов пен келіні Шарап Халыққызының қолына әкеліп тапсырған.



Ол жанұяда әкесінің ағасы, жеңгесі, былай айтқанда, ата-әже, ағатайы мен тәтесі, сол уақытта олардың 5 қызы болған екен. Атасы Ғабдулғазиз-Бордай ата Нұра ауданының белгілі әулие адамы болған. Өте еңбеккер, емші, салауатты адам болыпты.

Соғыс басталғанда Бордай атасын ФЗО-ға жұмысқа, Нұркей ағатайын соғысқа алып кетеді. Барлық ауыртыпашылық Шарап апайда қалған. Ол кісілер соғыс кезінде қызылша ауруымен ауырып, барлық баласынан айырылады. Жалғыз Алина апамыз және енесі Батима әжеміз қолында қалады. «Мені қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мөпелеп өсірді», – деп отыратын. «Өмірі бір зекіп, ұрысып көрменгі. Бірдене бүлдірсем, балалық істеріме қарап күлуші еді», – дейтін анымыз.

Соғыс кезінде әжесімен екеуін қойдың, ешкінің сүтімен асырапты. «Қырманда жұмыс істесе, күректің басына бидай қуырып әкелетін», – деп айтатын. Анымыз Алина 8 сыныптық білімі бар, өз жағдайын білетін бойжеткен болып өсті. Кейін әкеміз Қадырға тұрмысқа шықты. Екеуі де еңбек озаты болды. Әкеміз мал шаруашылығының майталманы, анымыз 32 сиыр сауып, алдыңғы қатарлы сауыншы атанды. Еңбектері еленіп, әр жылдары бағалы сыйлықтар алды.

Анымыз алтын құрсақ батыр ана. Тоғыз құрсақ көтерген. Орталары толып, бақытты өмір кешті. Балаларын өсіріп, меуелі ағаштай жайқалып келе жатқанда жездеміз 70 жасында жол апатынан қайтыс болды. Өлемнің бірде-бір дінінде әйелге дәл исламдағыдай құқық берілмеген. «Жұмақ анаңның аяғының астында» деген хадис бар.

Анымыз мұсылман әйеліне тән ақылды, әдептілікке, еңбекорлыққа балаларын үйретті, өте тәрбиелі ұрпақ өсірді. Балалары мен қыздары еліне еселеуі, халқына қалаулы азаматтар.

Анымыз шөберенің қолынан май жалаған адам. Жасы 90-ға келген анымыздың немерелері бүгінде жауапты қызметтерде жүр. «Қиын-қыстау кездер сол балапандарымызды көргенде ұмыт болғандай», – деп айтатын. Күйеу балаларын ұлдарындай, келіндерін қыздарындай көрді. Балалары ұйымшыл, әрі істі ақылдасып істейді. Анымыздың ел ішінде беделі жоғары, аргы-бергі естеліктерін айтып отыратын қазыналы қария еді.

Уақыт шіркін зымырап өте шықты. Сол сыныптай сырғыған сағым жылдар санатын, азды-көпті ғұмырының саналы жылдарын мәнді өткізген, туған еліне, ауылы мен аймағына арнап, жұртшылықтың есінде ұзақ сақталатын аналардың қатарында аяулы Алина анымыз да бар.

Анымыз шалқар бұлақ – айдынымыз, Алшақтап арамыздан қайғылымыз. Тілейміз мінежат қып бір Алладан, Ислам иманына бай қылыңыз! Ақырғы демі біткенше, Құраны мен иманын аузынан тастамаған анымыздың жаны жәннатта болып, иман байлығын берсін!

Еске алушылар: Шамкен-Төлтай, Қарлығаш-Мұрат, Қайыржан-Шолпанай, Бауыржан, Нұрмұхан-Салтанат, Сұлшаш, Тазагүл, Аламуғал-Нұрбек, Мүсілім-Алтын, нағашысы – Мұхсин-Сәуле.

№287

Е.Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:
«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика», (информатика + математика) «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылжытатуда және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық), Мем.лицензия: КZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№273

Құрметті Жамбыл Омарұлы!
Сізді асқаралы 65 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!
Сіздің ғұмыр жолыңызда алған асуларыңыз бен жеткен биіктеріңіз кейінгі ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге болатыны сөзсіз. Өнегелі өмір бойы сыйластық пен достықты ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білдіңіз.
Қазақ этнология ғылымында шежіретану бағытының негізін салуға атсалысып, өзіңіздің біліміңіз бен ғылымыңыздың арқасында көптеген белестерді бағындырдыңыз.
Халық Сізді ғылым саласын өркендетуге аянбай еңбек еткен, еліне адал қызмет жасаған зиялы азамат ретінде таниды, құрметтейді.
Құрметті Жамбыл Омарұлы!
Осынау мерейлі мерейтойыңыздың қарсаңында Сізге мықты денсаулық, ұзақ та бақытты ғұмыр, алдағы күндеріңізге мол күш-қуат тілейміз! Жүрек жолыңыз ұзақ, шығар тауыңыз биік, көрер қызығыңыз көп болсын!
Мерейтойыңыз құтты болсын!
А.СҰЛТАНҒАЛИ,
аудан әкімі,
А.ӘЛИ,
аудандық мәслихаттың төрағасы

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Тұран жолбарысы қайта оралады


Қазақстан Үкіметі БҰҰ Даму бағдарламасымен Тұран жолбарысына арналған экожүйені қалпына келтіру бойынша грантын алғаны мәлім. 2026 жылы Іле-Балқаш табиғи паркіне Ресейден Амур жолбарысы әкелінібекші. Мамандардың айтуынша, байырғы Тұран жолбарысының популяциясы қайта қалпына келтіріледі. Бұл туралы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нұркен Шәрбиев мәлімдеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сарапшы мамандардың мәліметінше, жолбарыс алдымен қазақстандық климатқа үйренуі керек. Қазіргі таңда Балқаш көлі маңындағы қорықтардағы қалың қамысқа жыртықш қоректенетін аша тұяқты аң түрлері жіберілген. Сонымен қатар, Іле-Балқаш табиғи паркіне Алтын-Емел қорығынан 60 бас құлан жіберілді. Манайындағы көл арналары тазартылып, жолбарыс өмір сүре алатындай мекен қалыптастырылууда. – Алдымен Ресейден Амур

жолбарысының ұрғашысы жеткізіледі. Сосын еркегін де алып келеміз. Ал, кейін жолбарыстар жерсінген соң санын көбейту үшін жыртқыштар Еуропадан да әкелінуі мүмкін. Қазіргі таңда осы бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр, – деді вице-министр.

Жоспар бойынша жыртқышқа арнайы тіршілік ететін ортасы дайындалатын уақыт – 2021-2024 жылдар аралығы. Нұркен Шәрбиев жолбарыстар ерекше қорғалатын аймаққа жіберілетінін айтты. Жалпы, Тұран жолбарысы популяциясын қалпына келтіру 2010 жылдары басталған болатын.



Сурет еліміздің экологиясына арналған



Қарағанды намысын кімдер қорғайды?

Астана қаласында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына әлем көз тігіп отыр. Ұлттық спорт түрлері мен қатысушылар қатарының қалыңдығы да бір тарих болары сөзсіз. Жарнамасы да көрген жанды бірден елігіп, баурап алады. Бұл – әрине, қазақ халқының байырғы салты мен дәстүрінің байлығы. Ауқымды шараның алғашқы күндері «Астана-2024» этноауылының ашылу салтанаты өтеді. Этноауыл «Қазанат» ипподромына іргелес аумақта орналасқан. «Қазанат» – ат спортына жарыстар өтетін бірегей мекен. Бұл күні «Астана – көшпенділердің астанасы» атты жарқын театрландырылған қойылым ұйымдастырылады.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұйымдастырушылардың айтуынша, этноауылда бірегей концерттік, театрлық бағдарлама олар өтеді. Оның өзі үлкен және кіші сахна болып екіге бөлінеді. Алаңда күн сайын мәдени бағдарлама көпшілік назарына ұсынылмақ. Қарағандылықтар дүбірлі доданың бұл кезеңіне де ерекше ден қойып дайындалды. Тізімде – Қарағанды облысының ең үздік кәсіби және көркемөнерпаздар ұжымдары. Атап айтсақ, Қазақстан эстрада жұлдыздары Қа-

зақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткерлері Макпал Жүнісова және Жәмила Баспақова бастаған өнер тарландары, С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының актерлері «Пролог» қойылымымен, Қ.Байжанов атындағы КБ-нің Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі, «Акку» фольклорлық хореографиялық ансамблі, солистері, «Taglans» этно-тобы және дизайнер Муслим Жұмағалиевтің (Теміртау қаласы) этно костюмдерін көрсететін «Art line» модельдік агенттігі, «Тоқырауын толқындары»

халық ән-би ансамблі (Ақтоғай ауданы), «Жарқын» халықтық хореографиялық ансамблі және «Шолпан» үлгілі хореографиялық ансамблі толық дайын.

Қарағандыдан барлығы 200 қатысушы барады. Осыған орай, 26 тамыздан бастап, С.Сейфуллин атындағы театр сахнасында концерттік бағдарламаның қорытынды дайындығы өтеді. Ал, олар «Қазанат» ипподромының алаңына 7 қыркүйек шықпақшы. Сонымен қатар, этноауылдағы мәдени бағдарламаның тағы бір ажырамас бөлігі дәстүрлі ақындар айтысы болмақ. Қарағандының



бұл сайысқа үкілеген қос жүйрігі – Мақсат Аханов пен Еркеғали Бекболат.

Апта бойына әр күн сайын этноауылда 3-ші қыркүйектен бастап, Қазақстанның ең үздік шебер-колөнершілерінің көрме-жәрмеңкесі, олардың жұмыстары мен шеберлік сыныптары көрсетіледі. Көрмеге Қарағанды облысының 10 колөнершісі атсалысады. Колөнершілер былғарыдан, киізден, ағаштан, қыштан жасалған және зергерлік бұйымдарды ұсынады.

Ал, 1-5 қыркүйек аралығында этноауыл алаңында Қарағанды облысының үш бірдей ақшаңқан киіз үйі тігіледі.

– 12 қанатты ақ боз үйде облыстық өлкетану мұражайының экспонаттары қойылады. Екінші сегіз қанатты киіз үйде С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театры қазақы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді танытады. Сондай-ақ, мұнда Қарағанды облысының экономика, мәдениет және спорттың түрлі салаларындағы жетістіктері топтастырылады. Біздің облыстың дайындығы өте жоғары деңгейде деп айта аламыз, – дейді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ильдар Әкімбаев.

Ильдар Рахымұлының сөзінше, бүгінгі таңда Қарағанды облысының қатысушыларын аккредиттеу үшін құжаттары тапсырылды. Дода алдындағы соңғы шеру 30 тамыз күні қаланың 45-ші орамында өтеді. Тәуелсіздік алаңы бағыты бойынша «Бірлік керуені» атты театрландырылған шеруге С. Сейфуллин атындағы театрдың актерлері, хореографиялық ансамбльдер, ат спортшылары мен бүркітшілер хәм тазылы аңшылар қатысады.

Сурет ашық дереккөзден

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» маусымға сақадай сай

Арқа жұртшылығының мақтанышы, өткен маусымда табанды ойын өрнегін көрсетіп, қола медальді еншілеген қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының жаңа маусымына сақадай сай.



Сурет ашық дереккөзден

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір клубтың жаттықтырушылар мен ойыншылар құрамы бекітілген. Клуб басшылығы Қазақстан чемпионатының жаңа маусымына бекітілген жаттықтырушылар мен ойыншылар құрамын таныстырып та үлгерді.

Дерекке сүйенсек, Владимир Князев команданың бас тәлімгері болып қала бермек. Оған бұл жауапты істе Виктор Буяльский де көмектеседі. Ал, Дмитрий Главюк жалпы дене шынықтыру жаттықтырушысы қызметін жалғастыратынын атап өткен жөн.

Бапкерлер штабына жаңадан келген жалғыз маман – Макар Кармалин, ол қақпашылардың жұмысын жетілдірмек.

Клуб таратқан мәлімет бойынша, «Сарыарқаның» 2024 жылғы Қазақстан кубогына арналған алдын ала құрамы төмендегідей болып отыр.

Қақпа күзетінде Данил Захаров, Жәкен Ибрагимов, Артём Микушин, Дмитрий Пахоленко, сынды шеберлер тұрса, қорғаныс шебінде Евгений Болякин, Иван Верещагин, Антон Капотов, Данил Киселёв, Егор Наместников, Александр Пелевин, Дмитрий Стулов, Ярослав Хрипков,

Виталий Шульга сынды ойыншылар өнер көрсетеді.

Ал, қорғаушылардың жеткізген шайбасын мығым шабуылдар арқылы қарсылас қақпасына тоғытуға Никита Баженов, Виталий Божко, Артём Валеев, Руслан Демин, Владислав Жабунин, Глеб Зайцев, Филипп Кнаууб, Александр Коннов, Евгений Королинский, Егор Кузьменко, Евгений Лызин, Константин Пальмтаг, Корилл Пономарёв, Владислав Сайко, Тимофей Симонов, Артур Хусанов, Тимур Шингарев сынды мықтылар тандалған.

Жерлестер жаңа маусымда жемісті ойын көрсетеді деп сенеміз!

Шындығында, «Сарыарқа» хоккей клубының бапкерлер мен ойыншылардың құрамына қарап отырып, бұл маусымда да нәтижелі ойын көрсетеріне сенгіміз келеді. Өйткені, былтыр жерлестеріміз маусым басында сал кідіріп, сонына қарай сәтті өнер көрсетті. Тіпті, ұтылып тұрып, жеңісті жұлып алған кездері де болды. Енді, биыл сол кәсіпкерлерді түзете отырып, жұдырқтай жұмыла ойнаса, бағы мен бабы қатар шабары анық. Күш-бірілікте екенін ұмытпаған жөн.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Екі ауылда спорт залы ашылды

Қарқаралы ауданының Бесоба мен Нұркен ауылдарында спорт залдары ашылды. Әлеуметке, әсіресе ауылдағы балалар мен жастарға аса қажетті нысандарды жабдықтауға «Қазақстан халқына» қоры мен «Батыр боламын!» қоғамдық қоры демеушілік жасады.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған қорлар республика бойынша осындай жүз спорт залын ашуды өз алдарына мақсат етіп қойған. Балаларға арналған қайырымдылық спорт залдарын ашу бойынша жобаның ерекшелігі – балалар арасында спортпен айналысу үшін жағдай жасауды ғана емес, сонымен қатар, спорт секцияларына баратын болашақ спортшыларды адамгершілікке тәрбиелеу, салауатты өмір салты, достық, өзара көмек, қолдау сынды құндылықтарды дәрiптeудi құптады.

Қос ауылдың қуанышымен бөлісуге екі қордың өкілдері, спорт саңлақтары мен жанашырлары арнайы келіп, шараның құрметті қонағы болды.

Атап айтқанда, «Қазақстан халқына» қорының өкілі Бауыржан Оразғалиев, «Батыр боламын!» қорының негізін қалаушы Ерман Уахап пен президенті Ернұр Сәбікәулы, Афины олимпиа-



дасының жүздегері Серік Елеуов, «Alash Pride» лигасының чемпионы Санжар Әділов, спорт саласының тағы басқа да елеулі өкілдері ауыл халқымен қауышып, ізгі тілектерін білдірді.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Нұрлыбек Ілдебаев пен аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ербол Иксанов ауыл халқына тарту жасаған спорт жанашырларына алғыс айтты.

Бесобада ауыл жастары бұрыннан бар ескі ғимаратты бірлесіп жөндеп спорт залына айналдырса, Нұркен ауылында мәдениет үйінің бір бөлігі спорт залына бейімделіп, жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Қарқаралы ауданы бойынша алдағы уақытта Жаңаөтан ауылында да осындай спорт залы ашылады. Бұл ауылға аталмыш ұйымдар қолдау қаражат тұратын спорттық құрал-жабдықтар

тарту етті.

Салтанатты шараларда осынау спорт залдарының септігімен дарынды балалар мен жастар шығып, келешекте ел мерейін үстем етер жеңімпаздардың алтын ұясына айналсын деген ізгі тілектер айтылды. Ауылдың қарамолақтарына жасалған жағдай жемісін берер күн де туар, соған жеткізсін!

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

• БӨРЕКЕЛДІ!

Рекорд орнатты

Қарағандылық паралимпиадасы Ақназар ерледі. Ол бір аяғы мен қолы жоғына қарамастан, Бұрабай көлін жүзіп өтіп, рекорд орнатты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

26 жастағы спортшының мүкіндігі шектеулі болса да, рухы мен қайтпас қайсарлығы арқасында бөріне төтеп беріп келеді. Ол өзінің шектеулі мүкіндігіне қарамастан мұндай тәуекелге қалай барғанын былай түсіндіреді.

– 2018 жылы 5 сәуірде қолым мен аяғымнан айырылдым. Бірақ, мен жолымнан таңбадым. Әуелі Аллаға, отбасым мен жақындарыма мың алғыс! Мен өзімді кем адам сезінбеймін. Жүзумен бала кезден айналысамын. Тіпті, өмірімде болып өткен қиындықтарға қарамастан жүзумен үздіксіз айналыстым. Ақыры, міне, мынадай көрсеткішке қол жеткіздім, – дейді Ақназар Мүтәліп.

Рекордшының айтуынша, ол аяқ-қолынан айырылған соң біршама ем алып, 2019 жылы алғаш рет жүзуді Балқаш көлінде бастаған. Спортшы бір қол, бір аяқсыз да өзін «судағы балықтай» сезінетінін айтады. Тек жүзу бағытының түзу болмауы



қиын көрінеді. Бұл – оның оң қолы мен аяғының жоқтығынан. Десек те, батыл азамат айтқанынан қайтпай, 2024 жылдың 31 наурызында 400 метр қашықтыққа еркін жүзуден Қазақстан чемпионы атанған. Ал, биыл ол Бұрабай көлін жүзіп өтуге өзіне серт берген. 6 тамыз күні Ақназар 1 сағат 8 минутта 2,5 шақырым қашықтықты жүзіп өтіп, рекорд орнатты. Спортшының жүздеген ең басты мақсаты – Гиннестің рекордтар кітабына ену және осылайша Бұрабай көлі мен табиғатын әлемге таныту.

Сурет ашық дереккөзден

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісов
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВК2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 94 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ